мұндағы b – камераның ені, м; h – камераның биіктігі, м; H – тау – кен жұмыстарын жүргізу тереңдігі, м; u_p – жатыс жыныстардың көлемдік салмағы, кН/м³; u_r – кеннің көлемдік салмағы, кН/м³; k_a – шоғырдың құлау бұрышының әсерін ескеретін коэффициент; $\sigma_{сж}$ – жыныстардың қысуға беріктілік шегі, МПа, n – Беріктілік қорының коэффициенті.

Осы Әдістеменің жұмысқа қабілеттілігін анықтау үшін камерааралық жалғыз кентіректе және толық барлық панельде үлгілеу жүргізілді, тау жыныстарының қасиеттері ангидрит, гипс және әктас жер астында өндіру жүргізілетін кен орындарының деректеріне сәйкес орташаланған қабылданды. Табл. 1 камера енінен целик енінің өзгеруін есептеу мысалы келтірілген. Есептеу ыңғайлылығы үшін МКЦ ені 0,5 м қадаммен дөңгелектелген.

4.4 Панельдік кентіректердің өлшемдерін өлшеу

Кентіректердің керекті өлшемдерін анықтау толығымен әлі шешілмеген қиын тапсырма.

Толығырақ есептелген болып Криворожский ғылыми-зерттеу тау-кен институтының (НИГРИ) ұсынысы табылады. НИГРИ методикасының негізіне кенорынның тау-кен геологиялық жағдайы және есептік функционалды сипаттамасы қойылған. Тау-кен геологиялық жағдайға жататындар: қорды қазу класы, камераларды қазымдау кезектілігі, қазу тереңдігі, кеннің қуаты мен құлау бұрышы, кеннің беріктік коэффициенті.

Берілген кен беріктігі, қазу тереңдігі, кеннің құлау бұрышы, қабат биіктігі және қабаттағы блокты кезекпен қазымдау камералық тәсілмен қазымдауға жатады:

a – созылым бойынша камераның көлемі;
 b – құлау биіктігі бойынша камераның көлемі;
 c – камерааралық кентіректің ені;
 h және h_i – көлденеңдік және ылдильлық қабатаралық кентіректердің қалыңдығы.

Осы берілген параметрді анықтау үшін келесі есептік функционалды сипаттаманы қолданамыз:

l_0 – камераның ашылған жағының аралық-шектік эквиваленті, м;
 A_y – камерааралық кентіректің енін анықтайтын сипаттама;
 A_n – қабатаралық кентіректің қалыңдығын анықтайтын сипаттама.

Көрсетілген сипаттамалар кеннің кернеулі-деформацияланған жағдайыны болып табылады. Нақтырақ айтқанда:

$$l_0 = ab / \sqrt{a^2 + b^2} \quad (4.1)$$

$$A_y = \frac{\frac{c}{a} \cdot \frac{c}{m \sin \alpha}}{1 + c/a^2} \quad (4.2)$$

$$A_n = \frac{h^2 \sqrt{m^2 + a^2}}{ma(b+h)} \quad h = h_{эм} - b \sin \alpha \quad (4.3) \quad (4.4)$$

мұнда m - кеннің қалыңдығы, м;
 α - кеннің жату бұрышы, градус;
 $h_{эм}$ - қабатаралық биіктік, м.

Тұрақтылық критерийі (4.1-кесте) бойынша тау жынысын бес топқа бөледі.

4.1-кесте - Тұрақтылық критерийі

Q мағынасы	Тау жынысының сипаттамасы	Класс
>1	Өте тұрақсыз	1
1-5	Тұрақсыз	2
5-10	Орташа тұрақты	3
10-100	Тұрақты	4
100-500	Өте тұрақты	5

Кентіректердің өлшемдерін жақынырақ есептеу негізін қалаған академик Л.Д. Шевяков методикасы. Айта кетсек: кентірекке түсетін қысым осы кентіректің ұстап тұрған толық массасына, яғни өзінің жер бетіне дейінгі ұстап тұрған қысымға тең; кентіректің көлденең қимасына түсетін қысым тең; кентірек майысқақ режимде жұмыс істейді; камералардың көлемі белгілі; кен жайпақ;

Ленталық кентіректердің енін мына формуламен анықтаймыз:

$$\alpha = \frac{AH\gamma}{100\sigma_{сжс} / r - H\gamma - h\gamma_1} \quad (4.5)$$

мұнда A - камераның ені, м;
 H - жатқан жыныс қалыңдығы, м;
 $\sigma_{сжс}$ - қысқандағы кентіректің шектік беріктігі, МПа;
 $k = 2-3$ – кентірек беріктігінің қоры;

h - кентірек биіктігі, м; γ - жатқан жыныс тығыздығы, t/m^3 ;
 γ_1 - кентіректегі руданың тығыздығы, t/m^3 .

Оқшауланған кентіректердің енін (4.1 сурет) мына формуламен анықтайды:

$$\alpha = \frac{A^2 / L + A}{100\sigma_{сжс} / (rH\gamma) - h\gamma_1 / (H\gamma) - A / L - 1} \quad (4.6)$$


мұнда L/a - берілуі керек.

Жұмыста кентірек өлшемдерін есептеуде кейбір өзгертулермен академик Л.Д. Шевяков методикасын қолданады.

Ленталық кентіректің енін мына формуламен анықтаймыз:

$$\alpha = \frac{AH\gamma}{100R/r - H\gamma - h\gamma_1} \quad (4.7)$$

мұнда R - куб тәріздес кентірек материалының тиімді беріктігі, МПа;
 $k = 4-6$ – кентірек беріктігінің қоры.



4.2-сурет - Оқшауланған кентіректердің ені

R анықтау келесіге түйіледі: лабораториялық сынаулар негізінде куб формалы кентірек материалдарын қысуға уақытша кедергі табады:

$$R_0 = \sum_{i=1}^n R_i / n \quad (4.8)$$

мұнда R_i - i түрінің уақытша кедергісі, МПа;
 n - сыналған түрлердің саны;

Уақытша кедергінің орташа квадраттық ауытқуын мына формуламен анықтаймыз:

$$\delta = \sqrt{(R_0 - R_i)^2 / n - 1} \quad (4.9)$$

Қысылған куб формалы кентіректің тиімді беріктігін мыны формуламен анықтаймыз:

$$R = R_0 - \delta \quad (4.10)$$

- кентіректің енін анықтаған соң оның формасына өзгерту енгізеді;
- қатынасын табады (a/h) ;
- кентіректің тиімді беріктігін анықтаймыз.

$$R_s = R\sqrt{a/h} \quad (4.11)$$

Кентіректің беріктік қорының айқындалған коэффициентін мына формуламен анықтаймыз:

$$r_s = \frac{100aR_s}{(A+a)H\gamma + ah\gamma_1} \quad (4.12)$$

Академик Л.Д. Шевяков методикасы бойынша ленталық кентіректің енін анықтаймыз:

- кеннің құлау бұрышы $\alpha = 5^\circ$;
- қазу тереңдігі $H = 170$ м;
- жыныстың беріктігі $\gamma = 3 \text{ м} / \text{м}^3$;
- кен қалыңдығы (кентірек биіктігі) $h = 8$ м;
- руда беріктігі $\gamma_1 = 2.2 \text{ м} / \text{м}^3$;
- бір осьтік қысқандағы руданың шектік беріктігі $\sigma_{сж} = 20$ МПа;
- камералардың ені $A = 8$ м;
- кентіпектің беріктік қоры қабылданған $r = 2.5$

Шешуі:

$$\alpha = \frac{8 \cdot 170 \cdot 3}{100 \cdot 20 / 2.5 - 170 \cdot 3 - 20 \cdot 2.2} = 6,7 \text{ м.}$$

5 Кеніш көлігі және оқпан албары

5.1 Көлік түрін таңдау

Кенорнының кен техникалық шарттарын, шахтының жылдық өнімділігі және тасымалдаудың орташа қашықтығын ескере отырып электртасығыштық жеткізуді қабылдаймыз. КР-7 электртасығышын және ВГ-2.2 вагонын қабылдаймыз.

5.2 Деңгейжиектегі орташа тасымалдау ұзындығын анықтау

Шақтының берілген тәуліктік өнімділігін қамтамасыз ету үшін екі блокта кен өндірілуі тиіс (шахта алабының әрбіт қанатында). Бұл жағдайда деңгейжиекте кен тасымалдау ұзындығын анықтау үшін мынадай болады (тиеу орындары оқпаннан барынша ұзақта орналасады). Жүк тиелген және тасымалдық учаскідегі бос бағыттың арақашықтығыанықтаймыз.

$$L_{Бос} = \frac{l_{1б} + l_{2б} + l_{3б} + l_{4б}}{4}, \quad (5.1)$$

$$L_{Бос} = \frac{1530 + 1548 + 1552 + 1702}{4} = 1582 \text{ м}$$

Тасмалдық учаскідегі жүкті бағыттың арақашықтығы:

$$L_{Ж} = \frac{l_{1жс} + l_{2жс} + l_{3жс} + l_{4жс}}{4}, \quad (5.2)$$

$$L_{Ж} = \frac{1532 + 1380 + 1552 + 1702}{4} = 1540 \text{ м}$$

Тасмалдаудың орташа өлшенген қашықтығы

$$L_{ОПТ} = \frac{1582 + 1540}{2} = 1560 \text{ м}$$

Вагон сыйымдылығы мен электртасығышты таңдауға кеніштің жылдық өнімділігі 2,5 млн.т. мен қабаттың орташа тасмалдау ұзындығына $L_{орт}=1560$ м жобалау институтының арнайы кестесіне байланысты К-14м контактілі электровозын (газ және шаңы бойынша қауіпсіз шақтылар) және ВГ-10 типті вагонды қабылдаймыз.

5.3 Оқпан албары

Оқпан албары ол, шақтының әртүрлі өндірістік функцияларын орындауға арналған көліктік қазбалар мен камералардың кешені. Оқпан албарының негізгі функциялары ол-жүк қабылдау бойынша үздіксіз жұмысты қамтамасыз ету болып табылады.

Кеніштің жылдық өнімділігіне және кенорын игерудің кентехникалық шарттарына сәйкес, электровозды аударғыш арқылы өткізетін айналмалы оқпан албарын қабылдаймыз.

$$r_g = \frac{n * t'_p}{Z} + \frac{l'}{60 * V}, \quad (5.3)$$

мұнда l' – кезекті локомотив пен төңкергішке дейінгі қашықтық, м;
 V – құрамның төңкергішке дейінгі қозғалыс жылдамдығы, м/с;
 t'_p – 1 вагонды түсіру (босату) уақыты, сағ

$$r_g = \frac{133 * 0,83}{15,3 * 1} + \frac{20}{60 * 1} = 8 \text{ мин.}$$

Сағаттық өткізу қабілеті

$$A_{дс} = \frac{60 * Q}{(1 + K') * r_g}, \quad (5.4)$$

мұндағы K – оқпан албарының бірқалыпсыз жұмыс істеуінің коэффициенті;

T – оқпан албарының жұмыс уақыты, сағ/тәул;

K' – жіберілетін тау-жынысының, жіберілетін кенге қатынасының коэффициенті.

$$A_{дс} = \frac{60 * 133}{(1 + 0,08) * 8,6} = 867 \text{ т/сағ.}$$

Тәуліктік өткізу қабілеті

$$A_{тау} = \frac{A_{дс} * T}{R}, \quad (5.5)$$

$$A_{тау} = \frac{867 * 113}{1,5} = 65314 \text{ т/тәу}$$

ОА өткізу қабілетін, шақтының тәуліктік өнімділігімен салыстыра отырып, оқпан албарының өткізу қабілеті жоғары екендігін көреміз ($65314 > 867$). Қазбаның көлденең қимасының ауданы өлшемдері көліктік жабдықтармен қазбалар қабырғаларының арақашықтығының қауіпсіз ережелеріне байланысты алынған.

6 Кеніштің аэрологиясы

6.1 Кенішті желдету тәсілі мен желдету сұлбасын таңдау

Кенішті толық желдету мен тау-кен жұмысшыларының денсаулығы және жұмыс өнімділігін арттыру үшін желдеткіш құралды дұрыс таңдау мен дұрыс жобалап орнату өте маңызды роль атқарады. Сондықтан дұрыс таңдау және желдету жүйесі өте маңызды.

Кенішті желдетуге қаралатын келесі басты сұрақтар болып мыналар табылады:

- 1) желдеткіштің тоқтаусыз жұмыс істеуі;
- 2) тазалау қазбаларында ауа ағымының екі жақтан да бөгетсіз ағуы.

Шахтаны желдетуде біз «қапталдық желдетпе сұлбасын» қолданамыз. Басты желдету желдеткішті, желдеткіш оқпанында орнатылып, сорып шығару міндетін атқарады.

Сорып желдету әдісінің артықшылығы, онда басты желдеткішті өшіріп тастағанда да, қандай да бір уақытта шахтадағы ауаның аздығынан шахтаға таза ауа түсіп отырады және шахтаның алға қарай дамуына қарай желдеткіштерді өзара салыстыру басталады.

Қапталдық желдету жүйесінің артықшылықтары:

- 1) сыртқа шығатын 3 шығу жолының болуы, тау-кен жұмыстарының әлде қайда қауіпсіз болуын көрсетеді.
- 2) Оқпанның кенжарға дейінгі ауа жүру жолында ауа жойылуына жол бермеуі.
- 3) Бүкіл жұмыс уақытында қысымның тұрақты болуы.

Кемшілігі:

- 1) Қапталдық желдету оқпанын жүргізуге көп қаржының жұмсалуды;
- 2) Апат болған жағдайда ауа ағымының бағытын өзгерту қиынға соғуы.

Жалпы шахталық ауаның мөлшерін есептеу.

Жалпы шахталық ауа мөлшерін есептеу келесі мысалдармен есептелінеді:

- а) бір уақытта шахтада жұмыс істейтін адамдардың санымен;
- б) атылыс жұмыстары кезінде бөлінген газдарға қарай;
- в) шаңның шығуынан, таралуынан;
- г) двигательден бөлінген газдың таралуы;

Жалпы шахталық ауа мөлшерін анықтау үшін, жобалауда ауаның барлық мөлшері алынады.

- 1) Адам санының қажетті мөлшері

$$Q_{ад} = q_A \cdot K \cdot N_{ад}, \quad (6.1)$$

мұндағы q_A – 1 адамға кететін ауа шығыны, m^3/c ;

$N_{ад}$ – шақтыдағы адамдар саны

$$Q_{AI} = 0,1 \cdot 1,2 \cdot 150 = 18 \text{ м}^3 / \text{с}.$$

2) АЗ мөлшеріне сәйкес ауаның қажетті мөлшері

$$Q_{ЖЗ} = (B \cdot N_B \cdot Q_B + H_B \cdot Q_{H.AP} + V(Q_K)) \cdot K_3, \quad (6.2)$$

$$Q_B = \frac{V_{AZ}}{t} \cdot \sqrt{A_y \cdot V_3}, \quad (6.3)$$

мұндағы V_{AZ} – шартты азот қышқылының мөлшері

$$A_y = 7815 \cdot 0,119 = 930 \text{ кг}.$$

$$V_3 = V_{басм} + V \cdot A_{ЖЗ}, \quad (6.4)$$

мұндағы $V_{шығ}$ - ағыстың шығыс жағындағы қазбалардың көлемі

$$V_3 = 2250 + 930 \cdot 0,9 = 3087 \text{ м}^3$$

$$Q_B = \frac{50}{720} \sqrt{930 \cdot 3087} = 117 \text{ м}^3 / \text{с}$$

$$Q_{ЖЗ} = (0797 \cdot 3 \cdot 117 + 2 \cdot 10 + 8 \cdot 2,7) \cdot 1,2 = 348 \text{ м}^3 / \text{с}$$

3) ДВС бойынша ауаның қажетті мөлшері

$$Q_{КОЗ} = 6 \cdot 1,34 \sum N_{КОЗ} \cdot n_i, \quad (6.5)$$

мұндағы $N_{КОЗ}$ – бір типті машиналардың қозғалтқыш қуаты

$$Q_{КОЗ} = 6 \cdot 1,34 (8 \cdot 180 + 3 \cdot 80) = 225 \text{ м}^3 / \text{с}.$$

4) Шаң бойынша ауаның қажетті мөлшері

$$Q_{III} = (V_g \sum S_g + V_K \cdot \sum S_K) \cdot K, \quad (6.6)$$

мұндағы V_g – дайындық қазбаларындағы шаң бойынша орнықты жылдамдық.

$$Q_{III} = (0,6 \cdot 48 + 0,75 \cdot 54) \cdot 1,2 = 182 \text{ м}^3 / \text{с}$$

5) Орта тәуліктік өндірілім бойынша қажетті мөлшері

$$Q_{OPT} = \frac{1}{60} \cdot A_{ТАУЛ} \cdot q \cdot k, \quad (6.7)$$

мұндағы $A_{ТАУЛ}$ – кеніш бойынша тәуліктік өндірілім, т/тәул;

$$Q_{OPT} = \frac{1}{60} \cdot \frac{2500000}{305} \cdot 2,1 \cdot 1,2 = 206 \text{ м}^3 / \text{с}.$$

Одан әрі - $Q_{ЖЗ} = 348 \text{ м}^3 / \text{с}$ деп қабылдаймыз

6) Кеніш депрессиясын есептейміз

$$h = \frac{\alpha \cdot L \cdot P \cdot Q^2}{S^3}, \quad (6.8)$$

Кеніш депрессиясын есептеу үшін кесте 9.1- келтірілген мәліметтерді қолданамыз.

6.2 Басты желдетудің желдеткішін таңдау

Бас желдеткіштің ауа шығыны

$$Q_{AVA} = \frac{Q_{III} \cdot 1,1}{2}, \quad (6.9)$$

$$Q_{AVA} = \frac{350 \cdot 1,1}{2} = 192,5 \text{ м}^3 / \text{с}.$$

Шақтының эквивалентті саңылауы

$$A_{III} = \frac{0,38 \cdot Q_{III}}{2 \sqrt{H_{II}}}, \quad (6.10)$$

$$A_{III} = \frac{0,38 \cdot 350}{2 \cdot \sqrt{525,5}} = 2,56 \text{ м}^2.$$

Желдеткіштің жұмыс дөңгелегінің диаметрі

$$D = \sqrt{\frac{A_{III}}{0,44}}, \quad (6.11)$$

$$D = \sqrt{\frac{2,56}{0,44}} = 2,41 м.$$

Желдеткіштің қондырғысының ішкі кедергісі

$$R_{i,k} = a \frac{\pi}{D^4}, \quad (6.12)$$

мұндағы a – осьтік желдеткіштер коэффициенті

$$R_{i,k} = 0,05 \frac{3,14}{2414} = 0,0004_{кг \cdot c^2 / м^3}$$

ВГП есептік депрессиясы

$$H_{\epsilon} = h_{ЖА/III} + R_{i,k} \cdot Q_{AVA}^2, \quad (6.13)$$

$$H_{\epsilon} = 478,5 + 0,004 \cdot (178,2)^2 = 605_{кг \cdot c / м^2}.$$

Қозғалтқыштың бағдарлық қуаты

$$N_{БАГ} = \frac{Q_{AVA} \cdot H_{\epsilon}}{102 \cdot \eta_{\epsilon} \cdot \eta_{коз} \cdot \eta_{\delta}}, \quad (6.14)$$

мұндағы η_{ϵ} – желдеткіштің ПӘК-і;

$\eta_{коз}$ – қозғалтқыштың ПӘК-і;

η_{δ} – беріліс ПӘК-і.

$$N_{БАГ} = \frac{178,2 \cdot 605}{102 \cdot 0,77 \cdot 0,95 \cdot 0,98} = 1474,4_{кВт}.$$

Бастапқы мәліметтер бойынша $Q_{AVA} = 178,2 м^3 / c$, $Q_{III} = 350 м^3 / c$, басты желдетудің желдеткішін таңдаймыз.

Басты желдетудің желдеткішінің сипаттамасы

1. Өнімділігі – $50-20 м^3 / c$;
2. Дөңгелек диаметрі - 2500мм;
3. ПӘК – 77%.

Желдету қондырғысының каталогы бойынша, басты желдету желдеткішін қабылдаймыз. ВОД-30м [5].

Қуаты 1500кВт СДН 2-16-54-6 қозғалтқышын таңдап аламыз. Желдеткіштің жұмыс тәртібі, желдеткіш тармағының сипаттамасымен желдеткіштің жеке сипаттамасының қиылысу нүктесі арқылы анықталады.

$$P_{\text{Ж. min}} = R_{i, k \text{ min}} \cdot Q_{\text{AVA}}^2, \quad (6.15)$$

$$P_{\text{Ж. max}} = R_{i, k \text{ max}} \cdot Q_{\text{AVA}}^2, \quad (6.16)$$

Топтың сипаттамасы 6.1 кестеде көрсетілген.

6.1 кесте – Топтың сипаттамасы

Көрсеткіштер	0	0,25QB	0,5QB	0,75QB	QB	1,25QB	1,5QB
Q, м ³ /с	0	44,5	89,1	133,6	178,2	222,7	267,3
PBYmin, Па	0	7,7	30,9	69,6	123,8	193,4	278,6
PBYmax, Па	0	7,9	31,7	71,4	127,62	198,4	285,8

Қосымша Б

7 Өндірістік алаң және жер бетінің жоспары

7.1 Жер бетінің жалпы жоспарын салу негіздері

Кеніштің жер беті өндірістік жер көлемі бірнеше аймаққа бөлінеді;

- 1) Негізгі өндіріс аймағы;
- 2) Транспорттық қоймалар аймағы;
- 3) Кен байыту аймағы;
- 4) Көмекші өндіріс аймағы;
- 5) Әкімшілік-тұрмыстық аймағы.

Шахты үсті ғимараттарына клеть көтерімнің копері, науа галереясы, ұсақтап-іріктеу жабдықтарының ғимараты, компрессор ғимараты, көтерім машинасының ғимараттары, шеберханалар, клет оқпаны мен жерасты өткелі арқылы байланысқан әкімшілік тұрмыстық комбинат ғимараты, кен байыту фабрикасының ғимараттары, асхана кіреді.

Құрылыстарға тұндырғыш және қоюландырғыш сүзгі және құрғату бөлімдерінің ғимараттары, бас төмендету подстанциясының алаңы, толтырым кешенінің алаңдары кіреді.

Алаңның ауданын пәрменді пайдаланудың көрсеткіштері

а) құрылыс коэффициенті: $K_k = \frac{S_{kk}}{S_{жа}} = \frac{189554}{288712} = 0,65,$

б) ауданды пайдалану коэффициенті: $K_{ан} = \frac{S_{бкп}}{S_{жа}} = \frac{195133}{288712} = 0,67,$

мұнда S_{kk} – ғимараттар мен құрылыстар аймағының ауданы, m^2 ;

$S_{жа}$ – жер бетінің жалпы жоспар ауданы, m^2 ;

$S_{бкп}$ – жер бетіндегі барлық ғимараттар мен құрылыстар ауданы, m^2 .

Құрылыс және ауданды пайдаланудың коэффициенттері жоғары дәрежеде болуы үшін басты өндірістік ғимараттар мен құрылыстарды және де көмекші шаруашылығына жататын басқа да ғимараттарды үлкен блоктарға бірлестіруі қажет.

Ол блоктар мыналар:

- 1) Бас оқпан блогы. Бұл блокқа технологиялық кешен кіреді;
- 2) Көмекші оқпан блогына шахтаға жөндеу шеберханалары, әртүрлі және металл тіреуіш қоймалары, ауа қыздырғыш, компрессор бөлмелері көмекші оқпан блогынан әкімшілік-тұрмыс комбинат блогына кеншілерге қызмет көрсету, әкімшілік-кеңес бөлмелері, кеніш басқармасы, автоматикалық телефон станциясы (АТС), дәрігер пункті, монша, кір жуатын және киім ілетін орындар кіреді.

Кенді және өндірістік жүктерді тасымалдауда темір жол, автомобиль және науа көліктері қолданылады.

Цехтардың арасында және цехтардың ішінде тасымалдау да авто тиеу, электронауа және де басқа көмекші құралдар қолданылады.

Жобада, кеніш жер көлемін көгалдандыруды қарастырамыз.

Кен клеть оқпанын байыту фабрикасының ұсақтап-іріктеу жабдақтарына науалы галереямен жеткізіледі. Байытылған қосынды қоюландырып, онан сүзу және құрғату бөлімдеріне жіберіледі.

Байыту шөгінділері уақытша шөгінді сақтау орнына жинақталады немесе тікелей толтырылым кешеніне жеткізіледі.

Қосымша В

8 Кенішті электрмен жабдықтау

Ақбақай кен орнын электр энергиясымен жабдықтау желісіне, Ақбақайдағы орталықтан бөліп тұратын орны (пункті) 110 кВ анықталған. Осыған сәйкес тармақтың жабдықтау кернеуін 110 кВ деп қабылдаймыз.

Тармақтарға тарату 110 және 6 кВ кернеуімен орындалады, осы үшін 110/6 кВ қосалқы станциялары қойылады.

Кернеуі 6 кВ электрмен жабдықтау негізінен кабельді желілер арқылы, сонымен қатар кеніштің жерасты бөлігіндегі және өнеркәсіп алаңындағы трансформаторлармен және таратылатын қондырғылар арқылы жүзеге асырылады.

Электр қабылдағыштарды жабдықтау үшін, жерасты қазбаларындағы бейтарапты окшауланған және жер бетіндегі трансформатордың бейтарапты қосылған жерге кернеуі 0,4 кВ қолданылады.

Жерасты электровоз көлігі түзетілген токтағы 275В кернеудегі түйіспелік тарату тармағымен жабдыкталады.

Кеніштің жер бетіндегі электр энергиясын негізгі тұтынушылары болып табылатындар: кеніштік көтеру, желдеткіштер, компрессорлар, калорифер, сумен жабдықтау объектілері, көмекші қызметтер және тағы басқа да кенішті жерасты қазу әдісінде қолданылатын қондырғылар.

Жерастындағы электр энергияның басты тұтынушылары: бас сутөкпе сорғылары, кен шығару кешендеріндегі, камералық қазбалардағы кенді шығару, электровозбен тасымалдау және тазартпа жұмыстарындағы механизмдер.

Сенімділікті қамтамасыз ету барысындағы электрмен жабдықтаудың барлық технологиялық жүктемелері категорияларға бөлінеді. Бірінші категориядағы тұтынушыларға басты сутөкпе сорғылары, клеттік көтеру, желдету қондырғылары, сумен қамтамасыз ету объектілері жатады. Үшінші категорияға жататын көмекші объектілерінің тұтынушыларынан басқалары екінші категорияға жатады.

Өнеркәсіп алаңында 6кВ кернеуді тарататын 1000 кВА екі трансформаторлары 110/6 кВ қосалқы станциясы салынған, ол өнеркәсіптік алаңды қоректендіреді, мұнда 6/0,4 кВ төмендеткіш қосалқы станциясы орнатылған. Көрсетілген 110/6 кВ екі қосалқы станцияның қоректенуі АС-95 сымымен ұзындығы 5 км 110 кВ әуе желілері арқылы іске асырылады.

Шақтының өнеркәсіптік алаңындағы объектілерді электрмен жабдықтау ТҚ – нан 6кВ кернеуімен іске асырылады.

Көтерулерде, компрессорларда, желдеткіштерде 6кВ тарату қондырғыларының ғимараттарын салу КРУ-2 сериялы ұяшықтарымен орындалады.

Электрлік тұтыну аймағы бойынша 0,4 кВ кернеуге төмендеткіш қосалқы станцияларының 8 комплектілі трансформаторлары жобаланған.

Шаруашылық ауызсу суалғыларын, көтеруді, сорғы бекеттерін электрмен жабдықтау 110/6 кВ қосалқы станцияларының 6 кВ кернеуімен орындалады.

Осымен бірге қашықтағы тұтынушыларды қоректендіру ұзындығы 2,5 км 6кВ екі әуе желілерімен орындалады.

Электр энергияны 0,4кВ кернеуімен тарату үшін, жер бетіндегі жинақты трансформаторлар қосалқы станцияларының тарату шкафтары ПР-24 және ПР-11 күштік пунктері орындалады.

Іске қосқыш аппаратурасы ретінде, магнитті іске қосқыштар, төменгі вольтты жинақтағыш құрылғылары, басқару станциялары және блоктар қолданылады.

Жұмысшы және апатты торап кернеуі 380/220В, шамдардағы кернеу 220В, жөндеу жабдығының торабының кернеуі, жарықтану 36В және 12В, кернеуімен орындалады.

Су төкпе бөлмелерін жарықтандыру НКУ-200 қыздыру шамды жарықшамымен орындалады. Электр жарықтандырудың сыртқы торабы АСБ 3×16, КРПТ 3×4, ГРШ 3×6 кабельдерімен орындалған. Жерасты қазбаларын жарықтандыру НСР қыздыру шамы түріндегі кеніштік жарықшамдармен іске асырылады. АП, АБК-4 агрегаттарының, жұмысшы жарықтану қорек кернеуі U=127 Жерасты қазбаларындағы жарықтандыру торабы АСБ 3×16, ГРШ 3×2.5 маркалы кабельдермен орындалған.

Кесте 8.1 келтірілген есептеулер келесі формуламен анықталады. Есептеу қуаты

$$P_{EC} = \frac{P_{KOH}}{\eta}, \quad (8.1)$$

мұндағы P_{KOH} — тұтынушының қондырылған қуаты,
 η — тұтынушының ПӘК-і.

Тораптан тұтынатын активтік қуат

$$P_A = K_{Ж} * P_{EC}, \quad (8.2)$$

мұндағы $K_{Ж}$ — жүктеме коэффициенті.

Реактивті қуат

$$Q_P = P_{EC} * tg\varphi, \quad (8.3)$$

Активті тәуліктік энергия шығыны

$$W_P = P_{EC} * t, \quad (8.4)$$

мұндағы t — тәуліктік машиналық уақыт, сағ.

Тәуліктік реактивті шығын

$$W_p = W_a * \operatorname{tg} \varphi, \quad (8.5)$$

БТҚС шинасындағы есептік жүктемесі

$$S_{БТҚС} = K \sqrt{\sum P^2_{есеп} + \sum Q^2_{есеп}}, \quad (8.6)$$

мұндағы $\sum P$ – активті қуаттың қосынды мәні;
 $\sum Q$ – реактивті қуаттың қосынды мәні;
 K_{CM} – максималды қосу коэффициенті.

$$S_{БТҚС} = 0,95 \sqrt{6720^2 + 4302^2} = 7979,01 \text{ кВА}.$$

Кеніш қуатының орташа қуат коэффициенті

$$\cos \varphi_p = \frac{\sum W_a}{\sqrt{\sum W_a^2 + \sum W_p^2}}, \quad (8.7)$$

мұндағы $\sum W_a$ – реактивті энергияның қосынды тәуліктік шығыны, кВт.сағ;

$\sum W_p$ – реактивті энергияның қосынды тәуліктік шығыны, Вт.сағ.

$$\cos \varphi_p = \frac{129328}{\sqrt{129328^2 + 75505,4^2}} = 0,9$$

ТСДН–10000-110/6 трансформаторын таңдаймыз. 2 Трансформатор қабылдаймыз, олардың әрқасы кеніштің 100% жүктемесін табуға есептелген. (біреуі жұмыста, АВР қондырғысының біреуі резервте). Қосымша Г

9 Электр қауіпсіздігін қамтамасыз ету

Техника қауіпсіздігінің іс-шаралары «Электрқондырғыларын пайдалану барысындағы қауіпсіздік ережелеріне» (ПУЭ-03)» сәйкес орындалуы тиіс [8].

Бұл іс-шараларға міндетті түрде мыналар кіруі керек:

- жұмыс орындарында сақтандыру құралдарының болуы;
- қорғану мақсатындағы ажырату;
- жерлендірудің бар болуы.

Электр қозғағыштарды, құрал-жабдықтардың, кабельдік жүйелердің аппаратын жер астына өндіруді іске асыру барысында төмендегідей арнайы шарттармен қолданады :

- құлау мен қирату кезінде машиналарға келетін қауіп. Жоғары салыстырмалы ауаның ылғалдылығы қышқыл сулардың бар болуы, ауаның шаң болуы;

- электр тогының қауіпсіз оқшауланбаған электр өткізгіштігінің ток жүретін бөліктері мен металл бөлшектері жабдықтарға кенеттен еніп кетуі;

- жер асты өрттерінің көзі сияқты электр тогының қауіптілігі электр доғасы, ұшқыш немесе ток жүретін бөліктердің асып кетуі оқшауланған заттардың жануына себеп. Жерасты трансформатор станцияларының өртенуі ерекше қауіпті, метан ауасы мен шаң ауасының қосындылары кезінде жанып кету қаупі бар.

Ең қауіпті бір уақытта ашық тұрған ток жүретін бөліктерінің екі фазасына тиуі. Бұл жағдайда адам денесіне өткен токтың көлемі:

$$I_{\text{адам}} = \frac{U_{\text{л}}}{R_{\text{адам}}} = \frac{380}{1000} = 0.38 \text{ A},$$

мұндағы $U_{\text{л}} = 380 \text{ В}$,

Бұл ток адам өміріне ең қауіпті. Бір ғана фаза жүйесіне тиу кезінде токтың көлемі адам денесіне өткен кезде

$$I_{\text{адам}} = \frac{U_{\phi}}{R_{\text{адам}}} = \frac{U_{\text{л}}}{\sqrt{3} \cdot R_{\text{адам}}}, \text{ A}.$$

мұндағы $U_{\text{л}} = 380 \text{ В}$, $U_{\phi} = 250 \text{ В}$, (фазалық кернеу)және $R_{\text{адам}} = 1000$.

$$I_{\text{адам}} = \frac{220}{1000} = 0,22 \text{ A}.$$

Бұл ток адамға қауіпті жерде оқшауланған нейтралды бір фаза жақындағанда ток тізбег айқас тұйықталып, адам денесі арқылы және екі фазаның кедергісі арқылы өтеді. Бұл жағдайда өтетін токтың көлемі

$$I_{адам} = \frac{3U_{\phi}}{3R_{адам} + r}, A$$

мұндағы r -оқшауланған фазаның кедергісі, $U_{\phi} = 220V$, $R_{адам} = 1000 \text{ Ом}$,

$$I_{адам} = \frac{3 \cdot 220}{3 \cdot 1000 + 10000} = 0.05 \text{ A}.$$

Бұл тоқ өте қауіпті емес, себебі бұл жүйе жерге бір ұшы қосылған сымнан 4,5 есе кем. Үлкен қауіпті оқшауланған нейтраль жүйенің айқас тұйықталуын тудырады. Бұл жерде денеден өткен тоқ

$$I_{адам} = \frac{\sqrt{3} \cdot U_{\phi}}{3R_{адам}}, A$$

$$I_{адам} = \frac{380}{1000} = 0.38 \text{ A}.$$

Қауіптілігі төмен болады.

Электр тоғына қарсы шаралар

Тоқ жүретін бөлшектерге кездейсоқ тиіп кеткенде қорғаныс үшін:

- ашық тоқ жүретін бөлшектерді қол жетпейтін жерге немесе тасада орналастыру;

- әдеттегі арнайы электр жабдықтарды, сапалы оқшауланған ток жүретін бөліктерді кен орнына қауіпті емес жерде онату;

- кедергімен жұмыс істеген кезде жөндеу жабдықтарын жарылыстан,

- газдан, шаңнан қорғау керек;

- оқшауланбаған сымның орнына кабель қолданады

Тоқ жүрмейтін бөліктерде қауіпті кедергіні болдырмау үшін;

- қорғаныс барысында жерге қосу және алу айналуы іске асыру;

- тоқ жүрмейтін бөліктерді айыру;

- түзу сызықты кедергіні шектеу;

- жеке қорғанысты қолдану.

10 Экономикалық бөлім

Кеніштің жұмыс істеу режимі

Жұмыс күнін алты күндік деп алатын болсақ, кеніштің жылдық жұмыс тәртібі үзілмелі болады [9].

Бір жылдағы жұмыс күндер

$$N_{ж\text{жм}} = N - (N_{дем} + N_{мейр}),$$

мұнда N - бір жылдағы күндер саны, күн;

$N_{дем}$ - демалыс күндерінің саны, күн;

$N_{мейр}$ - бір жылдағы мейрам күндерінің саны, күн.

$$N_{ж\text{жм}} = 365 - (48 + 10) = 305 \text{ күн}$$

Жерасты жұмысшыларының ауысым ұзақтығы 6 сағат, жерүсті жұмысшыларында 8 сағат [9].

Тәуліктік ауысым саны 3 – ке тең.

Жерасты жұмысшыларының жұмыс аптасының ұзақтығы - 36сағат, жерүсті жұмысшылары үшін – 48 сағат.

10.6 кесте - Кеніштің ТЭК – ін келтіру

Көрсеткіштердің аталуы	Көрсеткіштердің мәні
Кеніштің жылдық өнімділігі	817916
Кеніштің қызмет мерзімі	52 жыл
Күрделі жұмсалымдар	2137 млн.тг
Меншіктік капитал жұмсалымдары	144
Кеніштің тәуліктік өнімділігі	1640т/тәул
Жұмысшылардың тізімдік саны	343
Еңбекшілердің тізімдік саны	415
Кенжар жұмысшысының өнімділігі	90т/тәул
Товар өнімінің құны	3360 млн.тг
Еңбекті төлемдер қоры	163,3 млн.тг
Материалды шығындар	475,7 млн.тг
Энергетикалық шығындар	366,7 млн.тг
Амортизациялық бөліну	102,8 млн.тг
Қазудың өзіндік құны	1547,5 тг/т
Баланстық пайда	1039 млн.тг
Өндірістің рентабельділігі	38,90%

ҚОРЫТЫНДЫ

Ақбақай кенорнының жерасты кен қазу технологиясының басты - басты үдерістері қарастырылып, есептелген жобалық шешімдерін шығарып жобаға енгіздім. Жобада басты қазу жұмыстарының ашу тәсілін таңдай отырып, кенді көтеру , тасымалдауды , қуатпен қамтамасыз ету мәселесін қамтамасыз етуді қамтитын қазу жүйесі сарапталып, оның кемшіліктері анықталды.

Көмекші үдірістердің барлық сан есебі шығарылып оларды қазу технологиясын жұмылдыру жолдары жазылған. Экология, еңбекті қорғау мәселелері де шешімін тапқан. Жобалық соңғы тақырыптарда экономикалық көрсеткіштері келтіріліп жазылды.

Жоба нәтижесіне ең үлкен әсерін тигізіп тұрған ол тау-кен жабдықтарының қымбаттауы мен барланған кен қорларының өзгеруі болып табылды.

Қазіргі таңда алтын бағасы мен алтынға деген сұраныстың жоғарылауынан 400м деңгей жиектен төмен кен қорларын ашу мен өндіру оң көзқарасты тудырады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Әбдіраман Ш.Ә. Жерасты кен қазу технологиясы. Алматы.: Білім, 1991
- 2 Бегалинов А. Тау кен ісінің негіздері. Оқулық.—Алматы: 2013
- 3 Баязит Н.Х. Жерасты кен қазу жүйелері. Алматы.: 1992
- 4 Баязит Н.Х. Кенді жерастында қазу және жобалау. Алматы.: 1996
- 5 Баязит Н.Х. Жерасты кен қазу жүйелерінің технологиясы.Алматы.: ҚазҰТУ, 1992
- 6 Ильмухамедов Т.Г. Кен барлау қазбаларын жүргізу. Алматы.:ҚазҰТУ, 1998
- 7 Қаражанов Д.Ж. Жерасты кен өндіру процестері. Алматы:ҚазҰТУ, 1998
- 8 Әбдіраман Ш.Ә. Жерасты кен қазу технологиясы. Алматы.:ҚазҰТУ, 1996
- 9 Байқоңыров Ө.А., Филимонов А.Т., Колошин С.Г. Комплексная механизация подземной разработки руд. Москва: Недра, 1975
- 10 Баязит Н.Х., Әбдіраман Ш.Ә. Кенішті ашу және қазу. Алматы.: Ана тілі, 1992
- 11 Чулаков П.Ч. Теория и практика обеспылевания атмосферы шахт. Москва: Недра, 1973
- 12 Агошков М.И., Борисов С.С., Боярский В.А. Разработка рудных и нерудных месторождений. М.: Недра, 1983
- 13 Шевяков Л.Д. Разработка месторождений полезных ископаемых. М.: Союзуголь, 1930